

Менің

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

Газет 1967 жылдың
6 сәуірінен бастап шығады

УНИВЕРСИТЕТІМ

Президент С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде болды



Мемлекет басшысы оқу орнының білім беру және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысты, сондай-ақ, оқытушылармен, студенттермен әңгімелесті. Университет ректоры Ақылбек Күрішбаев Президентке молекулярлық биология мен гендік инженерияның заманауи әдістерін пайдалана отырып шығарылған ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын көрсетті. 5 жыл ішінде жоғары оқу орнының ғалымдары бидай мен арпаның құрғақшылыққа төзімді жаңа сорттарын шығарды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа биоорганикалық тыңайтқыштар өндіру

үдерісіндегі жаңа технологияның қолданылуы, ветеринария жүйесінің цифрландырылуы, жануарларды есепке алу үдерісі жайында мәлімет берілді. Мемлекет басшысы жерді пайдалану процесін бақылауға мүмкіндік беретін ғарыштан мониторинг жасаудың және жерді қашықтықтан зондтаудың заманауи әдістерімен танысты. Аталған әдістер Ақтөбе және Ақмола облыстарында қолданылуда. Президент мұндай тәжірибені өзге өңірлерде де пайдалану қажет деп санайды. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевқа университеттің әлемдегі жетекші ғылым және білім беру орталықтарымен байланыстары туралы баяндалды. Ақылбек Күрішбаевтың айтуынша, Францияның AgroParisTech университетімен бірлесе әзірленген, қос дипломдық білім беру жүйесіне көшуге мүмкіндік беретін жол картасының іске асырылуы Қазақ агротехникалық университетінің халықаралық ынтымақтастығындағы негізгі бағыттардың бірі. Студенттермен әңгімелесу барысында Қазақстан Президенті озық технологияларды қолданудың өзектілігін атап өтті. «Сіздер өте маңызды жұмыспен айналысып жатырсыздар. Робот техникасы, цифрландыру және жасанды интеллект – қазіргі заман талабы, әсіресе, дамыған елдерде. Сондықтан бізге артта қалып қоюға мүлдем болмайды. Жақсы оқысаңыздар, сіздер де міндетті түрде келешекте өз орындарыңызды табасыздар. Өйткені бізге жеке секторда да, мемлекеттік секторда да білікті мамандар қажет», – деді Мемлекет басшысы. Студенттер Президентке қолдау көрсеткені және 2020 жылдың қаңтарынан бастап шәкіртақы көлемін 25 пайызға арттыру жөніндегі тапсырмасы үшін алғыс айтты.



С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың Ботаникалық бақпен ынтымақтастығы



2019 жылдың 25 желтоқсанында С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың «Өсімдіктерді қорғау және карантин» кафедрасы Астаналық Ботаникалық бағымен бірлесе отырып, ғылым мен білім беру процесінде ынтымақтастықтың мәселелері мен болашағы туралы Республикалық ғылыми-танымдық семинар өткізді. Семинар теориялық және практикалық бөлімдерден тұрды. Семинардың теориялық бөлігінде дуалды оқыту, бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, магистрлік және докторлық диссертацияларды орындау, жабық және ашық аландарда сәндік өсімдіктердің фитосанитарлық жағдайын зерттеу саласындағы зерттеулер және т.б. туралы қызықты пікірталас пен пікір алмасу болды. Практикалық бөлім зертханалар мен жылыжай кешендеріне баруды қамтыды.

Семинарға ғылыми-зерттеу орталықтарының жетекшілері, ҚР БЖҒМ БК «Ботаника және фитоинтродукция институты» директоры, б.ғ.д., академик Г. Т. Ситпаева, Республикалық фитосанитарлық қызметтің өкілдері, Елорданы көгалдандырумен айналысатын ұйымдардың басшылары, кафедра оқытушылары, докторанттар мен магистранттар қатысты.

Республикалық ғылыми-танымдық семинардың қорытындысы бойынша ынтымақтастықтың нысандары мен тетіктері туралы қаулы қабылданды, жұмыстар материалдары семинар жинағы түрінде ұсынылатын болады.



ҚазАТУ-да «Ұлы тұлғаларға тағзым» атты республикалық жас ақындар мүшәйрасы өтті.



Елорда тарихында алғаш рет қазақтың ұлы перзенттері – Абай мен Сәкеннің мерейтойларына арналған мүшәйра жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл шараның өтуіне мұрындық болған С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ басшылығы. Атап айтқанда университет ректоры Ақылбек Қажығұлұлы. Мүшәйраға қатысушы студенттерді арнайы құттықтаған ректор, олардың келешекте Абай мен Сәкен тәрізді тау тұлғалар болатындығына сенетіндігін және қашан да қаламдарының ұшты болуын тіледі.

Шараға қатысу үшін республикамыздың барлық қалаларындағы ЖОО-нан 50-ден астам өтініш келіп түскен. Олардың ішіндегі 38 жас ақындардың өлеңдері арнайы шығарылған жинаққа кірсе, жүзден жүйрік деп танылған 18 ақын мүшәйраға шақырту алған.

Шара қорытындысы бойынша қатысушылардың бесеуі ынтыландыру сыйлықтарына ие болған. Үшеуі жүлделі орындарға лайық деп танылып, оларға ақшалай сыйақы табысталды. Осылайша жүлделі 3-орынды Қостанай қаласынан келген Жауынбай Жылқыбайұлы иеленсе, 2-орынды Семейлік Ділнәз Байекенова жеңіп алды. Ал Бас қаламыздағы Новосібір мемлекеттік университетінің студенті Серікжан Қажытай 1-орынды иеленіп, 100 мың теңгелік сертификатпен марапатталды. Жеңімпаздарды анықтаған қазылар алқасы мүшәйраның жоғары деңгейде өткенін айтып, ақындарға дән ризашылығын жеткізді.

Айта кету керек, шараны ерекше деңгейде ұйымдастырған университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі департамент және Қазақ және орыс тілдері кафедрасы болды. Ал ақындар сайысының әрі мен нәрін келтірген өзге ешқандай техникалық білім ордарында жоқ. Өнер және шығармашылық факультетінің ұжымы мен өнерпаздарына айтар алғысымыз шексіз.





Эссе Мен мемлекетімнің гүлденуі үшін не істей аламын?



Өмір – шығармадағы детальдар картинасына жағылған бояулар тәрізді көркем туынды. Әр адамның туған Отаны – өмір диалектикасының ең маңызды бөлігі. Объективті диалектика арқылы мемлекеттің даму тарихы басталады. «Туған елің болмаса, тумай-ақ қойсын Күн мен Ай», - дейді халық даналығы.

Отан-қуат, отбасы – шуақ. Менің қуатты мемлекетім – Қазақстан Республикасы. Менің елімнің даңқты шежіресі бар. Бір жағынан Азия елі, әрі Еуропаның көршісі бола отырып, Қазақстан екі құрлықтың да жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, екі жарты шардың да мәдениеті мен өмір салтына ие болып отыр.

... Әр қазақ баласы «Мен елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» деген сауалға еркін ой арқылы жауап қайтаруы қажет? Шынымен де бұл ой мені ұзақ толғандырады. Мен нуклеарлы яғни толыққанды отбасында дүниеге келдім. Өзімнен кейін бауырым бар. Ата-анам толыққанды тұлға болу қалыптасуымыз үшін барлық жағдайымызды жасай білді. Мен осындай бақытты отбасынан шыққаным үшін қуанамын. Мемлекетімнің қолдауымен тегін білім алдым. 11 жыл үздіктер қатарынан көрініп, мектепті «Алтын белгімен» бітірдім. Кейін өзім қалаған оқу орнына, қалаған мамандығым бойынша түсіп, білімімді жетілдіріп келемін. «Оқығанның беті жарық, оқымағанның беті көн шарық» деген мәтелді енді түсініп келе жатқандаймын. Осындай жеке тұлға болып қалыптасуым үшін, барлық мүмкіндікті жасап келе жатырған мемлекетімді гүлдендіру, көркеюі үшін өзіндік сүбелі үлесімді қосу – менің перзенттік парызым. Себебі, өмірдің өзі – бумеранг.

Мен білім алып жатырған Сәкен Сейфуллин атындағы агротехникалық университет бір бағытты емес, керісінше, көп бейінді білім ордасы болып табылады. Ауылшаруашылық және техникалық бағыттағы мамандықтан басқа білім беру, өнер, қызмет көрсету, әлеуметтік игілік және бизнес бағытындағы мамандар даярланады. Мен осы оқу орнында Геодезия мамандығы бойынша білім жиып, мамандандырылған білімнің алғашқы баспалдағына көтеріліп келе жатырмын. Жер бетін әуе және ғарыштық түсірім негізінде ірі масштабты түсіру, әрі бейнелеу әдістерін зерттейтін ғылым. Сонымен қатар, зәулім ғимарат, керемет құрылыс нысандары, әдемі сызбалар мен керемет схемелер – менің әдемі әлемім. Біз сәулетшілердің сәулетті ойын жүзеге асырушы болашақ модель иелеріміз. Сондықтан өз елімнің әсем, әдемі, көрікті, келбетті болуына, гүлдене түсуіне мен де өз еңбегімді қосуым қажет. Мен өз қаламда Монмартр мен Тюильри саябағынан асып түсетін парк жасағым келеді. Егер біз еңбекпен..., біліммен ізденер болсақ Риальто мен Сан-Марко алаңынан асқан мекендерді көркемдеуімізге әбден болады. Қайта жаңғыру дәуірінің орталығы болған Флоренция қаласынан біздің рухани жаңғырған Нұр – Сұлтан қаласы кем түспеуі қажет. Небір ғұлама-классик, ақын-шайырлар, жазушылар, қоғам қайраткерлері, Серік Ақшолақовтай әлемдік деңгейдегі нейрохирург шыққан «Шалқар» атты кішкентай қаламды – үлкен резиденцияға айналдырғым келеді. Бұл бір адамның қолынан келетін шаруа емес. Сондықтан Ел жастарын мемлекетіміздің игілігін жаңарту, жаңғырту үшін бес саусақтай бірігіп, ел мүддесіне сай қызмет жасауға үндеу тастағым келеді. «Иә, «Ұлы адам болғым келеді, болам ба АЛЛАМ біледі» демекші, «Біз ел жастары еліміздегі түрлі қайырымдылық шараларға ат салысып, жаны жаралы жандарға мотивация беріп, діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұрып, өзіміздің құрбы-құрдас, қатарластарымыздың әр түрлі діни ағым жетегінде кетпеуіне себепші болсақ», - деп тереңнен ойланамын.

«Жігіттікте іс қылсаң жаннан кешіп, төр алдында отырып жерсің жамбас», - дейді Мәшһүр Жүсіп. Еліңнің гүлденуі үшін көмек қолын ұсынып, характер ете отырып, қос шықшытпен айтып қана қоймай, жүрекпен орындалатын қайырымды іс жасау – азаматтық болмысыңыздың барометрі. Жақсылықты насихаттау культінің көрсеткіші, адамдық иммунитетін нығайтатын игілікті шара. Ізгілікті қоғамға барар жолда бес саусақтай жұмыла білсек, нұр үстіне нұр болатыны айқын. «Бұтақтың жақсылығы сағасынан, баланың жақсылығы анасынан», - демекші бізді анамыздай аялаған оттай рухты Отанымыз, мұзарттай мемлекетіміздің мерейін биіктету – жастардың қолында.

Бізді ұшырған туған өлкеміз де мейірімді анамыз секілді тілеуімізді тілеп, шын жанашырымыз болып, әрбір жетістігімізге қуанып отырады және қазақта «Алға ұмтылған екенсің, артыңа қарайла» деген қанатты сөз бар. Біз Болашаққа ұмтыламыз! Болашаққа ұмтыла отырып, бала шақты қатты сағынамыз!.. Менің бала кезімде үлкен арманым болған еді. Орта Азия кіндігінен әдемі, әсем, МЕЙІРІМДІ қалашық тұрғызып, мен сол қаланың Президенті болғым келетін. Ол қалашықта бар әлемнің балалары, түрлі ұлттар мен ұлыстардың ұрпақтары келіп білім жиса деп армандайтынмын. Менің мейірімнің қаламның қабырғалары өте көп болады, ол қабырғаға әрбір бала өз арманын жазады. Мен Президент ретінде барлық баланың арманын орындауға тырысатын едім. Тек бір ғана шартым болады, менің қаламның тәрбиеленушісі менің Қазақстанымның өркендеуіне құйттай да болса үлесін қосуы тиіс болатын. Бұл балалық арманымды бұл күндері тек қана жымыып еске алып отырамын. Бірақ бұл балалық арман болса да, өзегінде бір ақиқат бары айқын еді.

Менің есімімді ата-анам «Жалғасгүл»деп қойған екен. «Әулеттің сәулеті, көркі, жалғасы болсын»,- деген ниетпен қойған болар. Бірақ мен тек бір әулеттің ғана емес, күллі «Қазақ» деген әулеттің әлеуетін көтеріп, маңдайын жұлдыздай жарқыратып, «Мемлекет» деген кітаптың авантитулын көркемдеп, «Фронтиспис» бетін шебер форматтап, Елім үшін жасалатын жақсылықтың жалғасатын гүлі болғым келеді...

Мейірім мен шапағаттан, қайырым мен қанағаттан.., Көктегі сәуле шуақтан, оттай жанған қуаттан.., Ұлы дала сайынынан, арман-мақсат қайығынан бастау алған менің ЕЛІМ – әлемдік батлдар кеңістігінде биік тұратын болады.

*Жалғасгүл Ерланқызы
Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультеті
Геодезия және картография мамандығының 1-курс студенті*

ҚАЗАТУ үздіктер қатарында



2013 жылдан бастап дәстүрлі түрде жоспарланатын "Мен жастарға сенемін" атты республикалық форумы биыл қараша айының 14-15 жұлдызында өтті.

Алматы қаласының Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде дүбірлеп өткен форум ҚР Тұңғыш Президенті күнінің аясында ұйымдастырылды. Аталмыш байқауда еліміздің 100-ге жуық жоғарғы оқу орындарының кіл мықтылары мен жүйріктері бас қосты.

Оқу ордамыздан 44 студент конкурса жолдама алды. 4 түрлі номинациядан құрылған форумға қатысқан біздің университет студенттері де бәйгеден құр алақан емес. "Мен өз елімнің өркендеуі үшін не істей аламын?" атты эссе байқауында "Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн" факультетінің 1-курс студенті Жалғасгүл Әбдікәрім жүлделі 1-орынды қанжығасына байлады және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 1 жыл тегін оқу грантын жеңіп алды. Сонымен қатар «Қазақстанның инновациялық дамуына қосқан менің нақты үлесім» атты үздік студенттік инновациялық жобалар байқауының қорытындысы бойынша 2-орынды "Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн" факультетінің 3-курс студенті Ержан Амангельдинов иеленді. Бұл жеңіс Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдығына жасалған тарту-таралғысы десек артық болмас.

Республикалық конкурстың бас жүлдесін иеленген Жалғасгүл әр қазақ баласы «Мен елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» деген сауалға еркін ой арқылы жауап қайтаруы қажет дейді. Еліңнің гүлденуі үшін көмек қолын ұсынып, харакет ете отырып, қос шықшытпен айтып қана қоймай, жүрекпен орындалатын қайырымды іс жасау – азаматтық болмысымыздың барометрі деп біледі. Жақсылықты насихаттау культінің көрсеткіші, адамдық иммунитетін нығайтатын игілікті шара. Ізгілікті қоғамға барар жолда бес саусақтай жұмыла білсек, нұр үстіне нұр болатыны айқын дейді. «Бұтақтың жақсылығы сағасынан, баланың жақсылығы анасынан», - демекші бізді анамыздай аялаған оттай рухты Отанымыз, мұзарттай мемлекетіміздің мерейін биіктету – жастардың қолында деп қорытындылады эссесін.



Гүлнұр Маратова, «New Press» тілшісі

Тәуелсіздік – ұлы ұғым!



егемендіктен артық қасиет жоқ. Сол себепті қолымызда тұрған егемендікті қастерлеп, оны сақтап қалу жолында барлық күш-жігерімізді аямауымыз керек. Сондықтан баршаңызды осы мерейлі мерекемен құттықтаймын!» - деп жиналғандарды елдік пен бірлікке шақырды.

Сондай ақ, Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында университетіміздің үздік қызметкерлері Майқанов Балғабай Сәдепұлы мен Тулеева Әсия Кузаирқызын "Ауыл шаруашылығы саласының үздігі" төсбелгілерімен марапатталды.



Тәуелсіздік таңы

Қазақ жері, қазақ төрі – кең дала!
 Ұлтым менің – рухы биік, өр тұлға.
 Еркін болу, Егеменді ел болу
 Бабалардан келген мирас – ең дара!

Тәуелсіздік бізге оңай келмеген,
 Ата-бабам бостандыққа шөлдеген.
 Жауды түйреп, найзасының ұшымен.
 Талай ғасыр жерді жауға бермеген.

Бұлтсыз аспан, желбіреп тұр Көк туым!
 Еркіндіктің қадірін біл, сен бүгін.
 Тәуелсіз ел ұландары зерделі,
 Жалғай берші ұлтымыздың дәстүрін.

Өркениетке қадам басты Еліміз!
 Қара алтынға қойнауы мол жеріміз.
 Сол байлықты біліміңмен игеріп,
 Дамыт елді, талабы зор ұл мен қыз!

Тәуелсіз күн шуақ төксін нұрлана,
 Достық туын тіксін елдер айнала!
 Қазақстан отыз елдің ішінде,
 Терезесі тең ел болсын, ТЕК АЛҒА!

*Нұржанова Асия Сарғалиқызы, Қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті,
 филология ғылымдарының кандидаты*

"Бәйге" десе бұлқынбас жас болар ма?

1 – желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай Сәкен Сейфуллиннің білім ордасында «Көшбасшы» танымдық клубының ұйымдастыруымен «Ел тірегі – Елбасы» атты интеллектуалдық ойыны өтті. Онда әр факультеттен 6 студент бақ сынады.

Ұйымдастырушылар сайыс арқылы студенттердің бойындағы шығармашылық таланттарын шыңдап, тапқырлық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың еңбек жолын насихаттап, Отанға деген

сүйіспеншілікті ояту мақсатын көздеп отыр.

Сайыс 4 кезең бойынша өтті: «Таныстыру», «Бәйге», «Сөз қадірі» және соңғы шешуші кезең – «Саяхат». Осындай кезеңдерден сүрінбей өткен қатысушылар өздерінің қабілеттерін еш қиындықсыз көрсете білді.

Әділқазылардың қорытындысы бойынша ұпай сандары есептелініп, сайыста III орынды Техникалық факультеттің студенті Амина Байниязова, II орынды Энергетикалық факультеттің студенті Бейбарыс Сұлтан, жүлделі I орынды Энергетикалық факультеттің студенті Азамат Бекпосынов жеңіп алды. Осылайша сайыстың барлық қатысушыларына алғыс хаттар табысталып, жеңімпаздарға ұйымдастырушылар тарапынан арнайы диплом және естелік сыйлықтар берілді.

Назерке Қамбарова, "New Press" тілшісі

Сәкенге арнау



Үлгі еткен барша қазақ даласы,
Тұғыры асқақ бәйтеректің дарасы.
Мыңға дара бұйырады Сәкендер
Елім деген жүректе бар жарасы.
Текті өлкеде ізі қалған жер жарып,
Қаны сіңген топырағына бұл да алып.
Намыссызды өткір тілмен қармаған
Ұлы Абайдың рухын жиып, қомданып.
Өрбіп өскен қатарласып жырымен,
Өсиетін сарқып өткен тілімен.
Мүлк етпейтін жырласа елдің жағдайын,
Үндескендей халқының ішкі үнімен.
Ұлы болған ұлы қазақ ұлтының,
Темірдейін қорғанысы жұртының.
Тамыр жайып тарих болған Бәйтерек,
Дамылдаған жаны таппай бір тыным.
Тарих болдың ұмытылмас мәңгілік,
125 – рухқа жатыр сән кіріп.
Жыр сұңқары үлгі болсын талайға,
Ақын үшін ескерткіштер салынып.
Алаш десе қан қайнайтын бұлкілдеп,
Құдірет-ау аты қалған дүркіндеп.
Қамшы сапты қу 44 өтсе де,
125-ті тойлансыншы дүркіреп.
Тектілігін қаламына сақтаған,
Сәкен барда өзгелері жат маған.
Сейфуллиннің асқақ оқу орнында,
Білім алып жүргеніме мақтанам

Көркем Елжан, ЖРБСжД, 1-курс



Жылды қорытындылаған кеш



Биылғы жыл бұрынғы жылдан өзгереді. Себебі 2019 жыл – «Жастар жылы». Жастардың ыстық лебін, серпілісі мен тынысын сезінген жылды студенттер қалай қорытындылады? Осыған орай биыл 27-қараша күні алғаш рет белсенді жастардың қатысуымен «Студенттік бал» ұйымдастырылды.

Бозбала мен бойжеткен шақтағы жастардың көңіл-күйін көтерген кеш болды бұл. Айта кететіні, шарт бойынша бұл балға тек жұптар болып қатысу міндеті жүктелді. «Империя музыка» тобының жанды дауыста ән шырқауымен сахна шымылдығы түрілді. Жыл бойы университеттік іс-шараларда белсенділік танытып, алдыңғы қатардан көрінген студенттер, бірқатар ұйымдар мен жатақханалар ҚазАТУ ректоры А.Қ.Күрішбаевтың арнайы ата-анаға жолдаған алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар кеште тәрбие жұмыстары жөніндегі департамент директоры Әйгерім Кукеева сөз сөйлеп, студенттерге жылы лебізін білдірді. Университетіміздің күміс көмей, жез таңдай әншілері сыңғырлаған үні мен өнерін көпшілікке паш етті. Энергетикалық факультеттің студенті Балнұр Мұхамедияр «Көктем вальсін» орындап, ортаны жұптардың биімен жандандырды. Техникалық факультеттің «Сезім» дуэты жастардың сүйікті жанрына айналған «К-рор» стилінде ән шырқап, залды ерекше бір күйге бөледі. Жастарға мерекелік көңіл-күй сыйлау үшін ҚазАТУ-дың КТА құрамасы өнер көрсетті. 7-жатақхананың таланты тұрғындарының көңілді флешмобы жиналған студенттердің бір орында тұруына мүмкіндік бермеді. УЗРАиД-тық студент Тельман Санжар шетел тілінде «Can't help falling in love» әнін әуелете орындап, көрермен қауымның қошеметіне бөленді. Экономикалық факультеттің студенті Қайсар Болат "Жұбатуға арналады бұл әнім" деп ән салып, жас ғашықтарды сезім жетегіне елітті. Студенттік балдың соңы жастардың би кешімен жалғасты.

Жастарды қолдау, бағыт-бағдар көрсету – қай заманда болсын, үлкендердің міндетіне жүктелген қағида. Ел Президенті осыған сәйкес, келер 2020 жылды «Еріктілер жылы» деп бекітті. Мемлекет тарапынан көрсетілген мұндай ілтипат жастардың өз болмысын қалыптастыруда маңызды рөл атқармақ.



Гүлнұр Маратова, "New press" тілшісі

Артылған сенім ақталды

Қараша айының 1-4 аралығында қазақша күрестен республикалық Жас барыс турнирі өтті.

1999-2005 жж. туған жасөспірімдер арасында өткен жарыс өте тартысты болды. Қазақстанның түкпір-түкпірінен 400-ге тарта спортшы жиналды.

Әр облыстың чемпионаттарынан жеңімпаз болып келген нағыз мықтылардың додасы болады дегенді естіп біз де жарыс алаңына асықтық. Бәрі шетінен «Сен тұр, мен айтайын» деген балуандар. Ішінен осалын таппайсың. Осылардың ішінде Университетіміздің энергетикалық факультетінің 1-курс студенті 70 кг салмақ дәрежесінде Ерболат Орынбек күміспен күптелген болатын. «Басқасы басқа, дәл осы сайыста жүлделі орын алам деген ой болған жоқ. Бірақ та, тыңғылықты дайындығым мен өзімнің достарым, бапкерімнің қолдауының арқасында жүлдеге іліктім. Мен жалғыз оқу орнымның емес, Нұр-Сұлтан қаласының намысын қорғап, алаңға шыққан кезде маған артылған сенім мен жүктелген міндеттің зор екенін бірақ сезіндім» - дейді Ерболат.



Бірінші айналымда Қызылорда облысының спортшысымен шыққан Ерболат бастапқы кезде сәл қобалжып қалғаны рас. Бірақ қарсыласының осал тұсын байқағаннан кейін барлығы керісінше бола бастады. Осылайша келесі айналымға өтті.

Нағыз балуанға тән қасиет. Денесі қызып алған Ерболат Қарағанды облысының спортшысын да



оңай сұлатып тастады. Күрестің алғашқы минутында таза жеңіспен ұтқан Ерболатты Ақтөбе облысының 2 дүркін чемпионы күтіп тұрды. Екеуі де бір-бірінің осал жерін таба алмады. Осылайша қосымша уақыт ашып, қоян қолтық күреске жүгінді. Қарсыласынан өз айласын асырған біздің Ерболат ақтық сынға жолдама алды.

«Шын шеберге шаршы алаңда тұсау жоқ» деп бекер айтпаған. Өзінің біліктілігі мен білектілігінің арқасында Ерболат өзгелерден оқ бойы озып тұрды. Ақтық белдесуге келгенде павлодарлық спортшы 1-орынға

ұмтылған Ерболаттың аңдаусызда тізесін бүктірді. Осылайша тұғырдың екінші сатысынан көрінген Ерболат өзінің жанкүйерлерін қуантып тастады.

Ең алғашында өзінің бапкері Жанай Ибраевтің қуанышында шек болған жоқ. Себебі, қаншама адамның қолы жете бермейтін сайыста 2-орын алған шәкіртіне дән риза. «Алға қойған бірнеше мақсаты орындалып жатыр. Ол үшін әлі талай тер төгуге дайынмын. Ең асқақ мақсаты – Әлем барысы тұғырынан көріну. Сол мақсатына жету үшін аянбаймын!» - дейді батырымыздың жеке бапкері Жанай Ибраев.

Айтқан сөзіңнен, ісің ширақ болсын Ел ертеңі – Ерболат!

Бейбарыс Сұлтан, «New Press» тілшісі



Қазақ хандығының 550 жылдығына арнау

Өлең маған саналады жақынға,
Қанша әңгіме бір сөзіме татырма.
Тарих толы қойнауында қаншалық,
Ел демеген ақын мүлде ақын ба.

Халық десе жасыратын сырым не?
Бабалардың қиялы бар түбінде.
Бұл тұншыққан ғасырлардың арманы,
Аманат боп қалып қойды бүгінге.

Жәнібек пен Керей қосып ел болдық,
Қара қазақ құшағына енді ендік,
Тыным көрмей дұшпандардан іші тар,
Зар қайғының күйімен тербелдік.

Хан Абылай аңсап өткен дербестік,
Ұран қылған өз есімін өлмес қып.
Басқа қайғы болып келген қалмақпен,
Күресіп-ақ мұңға толы күн кештік.

Әбілхайыр сен қазақтың елігі ең,
Өз жұртына бақ боп келген кеңінен.
Ел десем де, жер десем де мен сенің,
Тал шашыңа татымайтын көрінем.

Азамт Мұхамейұлы, Агрономия факультеті, 1-курс



*С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының
«Менің университетім» газеті.*

*Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген. Баспасөз орталығы.*

Редакторы - Б.Хабай, шығарушы редакторлар: Е. Мұратқызы, Р. Халел,

Дизайн және беттеуші - А. Әрмияқызы,

редакцияның мекен-жайы: Астана, Жеңіс даңғылы 62,

Телефоны: 8 /7172/ 39 57 07, газет ай сайын шығады, таралымы - 1 000 дана.

Авторлар пікірі редакция көзқарасына сәйкес келмеуі мүмкін және ол үшін жауапты емес.